



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№26 (615)
3 шілде,
2025 жыл



Ақерке БИЯТОВА:

ЖАҒАЛЫҚ — КЕЗ КЕЛГЕН ТЕЛЕАРНАНЫҢ ЖҮРЕГІ

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық журналистика саласының дамуына елеулі үлес қосқан журналистерді мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Жиында облыстық телеарнадан түлеп ұшқан журналист, «Астана» телеарнасының шеф-редакторы Ақерке Билятова «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Елге есімі белгілі тележурналист 21 жылдан астам уақыттан бері ақпарат саласында қызмет атқарып келеді.

– Ақерке Берікбекқызы, журналистиканы таңдауыңызға не себеп болды? Телевизия саласындағы алғашқы жұмысыңыз қалай басталды?

– Әкем 1993 жылы Талсуат ауылындағы мектепке директор болып тағайындалды. Соған байланысты біз сол ауылға көштік. Елді мекендегі жалғыз білім ошағы 9 жылдық болатын. Мен орта мектепті 1996 жылы бітіріп, әрі қарай колледжде білім алдым. Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық колледжде 4 жыл сурет және сызу пәнінің мұғалімі, суретші-дизайнер мамандығы бойынша оқып, диплом иелендім. Бірақ мен мұғалім емес, журналист болғым келетін. 9 сынып бітіргенде қол жеткізе алмаған арманымнан бәрібір бас тартпай, колледжді тәмамдаған соң Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне оқуға түстім. Жүрек қалаған мамандықтың иесі болу дегеннің қандай сезім екенін білдім. 2004 жылы қолыма диплом алған күннің ертеркіне өңірдегі қара шаңырақ – облыстық телеарнаға келдім. Қызығы мен шыңғы мол телеарнаның терең тылсымына сүнгімді де кеттім. Содан бері шыға алмай келемін.

3-бетте

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

Шілденің аптап ыстығында елордаға табан тіреген жан бірінші биік ғимараттарды емес, бұл қаланың бойында соғып тұрған үміт пен болашаққа деген сенімді сезеді. Астана – жай ғана қала емес. Бұл – тәуелсіз елдің болашаққа ұмтылған ең алғашқы батыл қадамы. Сондықтан да 6 шілде – ресми күнтізбеден гөрі, тарихи таңдау мен ұлттың рухын айшықтайтын ерекше күн.



САРЫАРҚА ТӨРІНДЕГІ ЖАС ҚАЛА

Өткенге көз жүгіртсек, 1997 жылдың 20 қазан күні Мемлекет басшысы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды. Сол

жарлық бойынша Ақмола қаласы 10 желтоқсанның бастап Қазақстан астанасы болып жарияланды. Ал ел астанасын ауыстыру туралы ұсынысты Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1994

жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңесі депутаттарына ұсынған еді. Сол уақытта Парламенттегі депутаттардың пікірі екіге бөлінген.

4-бетте

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ СЕРПІН: БҮГІНГЕ ДЕЙІНГІ БЕТБҰРЫС

Сәулеті сәт сайын артқан сол жағалау бүгінде қаламыздың көз тоймайтын көрікті бөлігіне айналды. Үш дәуірдің астанасы болған Сыр өңірінің орталығы ел астанасынан кейін «сол жағалауы бар екінші қала» атанғалы он жылға жуықтады. Қос жағалауды жалғап тұрған көпір пайдалануға берілген сәттен бастап бұл аймақ сағат санап өскен Ертөстіктей еңсесін тіктеді. Ендеше сәл кері шегініп, ел игілігіне табысталған нысандар легіне шолу жасайық.

Сыр өңірінде кейінгі жылдары қалалық инфрақұрылымды дамыту бағытында елеулі қадамдар жасалды. Оның ішінде Қызылорда қаласының сол жағалауындағы кешенді құрылыс жұмыстары ерекше маңызға



ие. Кезең-кезеңімен іске асқан бұл бастама бүгінде жаңа қалалық кеңістіктің қалыптасуына жол ашты. Сол жағалауды игеру арқылы облыс орталығының сәулеттік келбеті

жаңарып қана қоймай, жаңа шағын аудандар, әлеуметтік нысандар, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері, мәдени және спорт орталықтары бой көтеріп, халық игілігіне қызмет етуде.

5

ЖАСТАРДЫҢ МЕНТАЛДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ МЕНДЕП БАРАДЫ

Қазіргі қоғамда ер азамат үшін кез келген әлсіздік – ұят. Сондықтан көпшілік психологқа баруды да жат қылық деп біледі. Ерлерде ғана емес, жалпы қазақы қоғамда психикалық саулық мәселесін ашық көтеру «ұят» пен «әлсіздік» саналады.

Гуартия зерттеуі де дәлелдегендей, отбасылық дәстүр бойынша ер адамдар әлсіздік көрсете алмайды, сондықтан психологиялық көмекке жүгіну «ерке сезіну» болып көрінеді. Дегенмен кейінгі жылдары жағдай өзгере бастады. Жастар арасында психологқа жүгінуге оң көзқарас қалыптасып келеді. 2010 жылдан бері жасөспірімдер мен студенттер терапевт іздеуде белсенді. «Мұндай кеңес бұрын ұят деп есептелсе, қазір



бұл табиғи нәрсеге айналды» деп жазады Zakon.kz порталы. Психолог Жанат Біржанова да осыны растап, қазіргі жастар психикалық саулыққа қамқорлық жасауды физикалық денсаулық сияқты маңызды деп санайды.

Ал ересектер психиатрияны қорқынышты «залал жоятын» жүйемен байланыстырады, сондықтан терапевтке баруды қиын деп есептейді.

7-бетте



АСТАНА –
АРМАН ҚАЛА

4



«LABUBU»:
МАРКЕТИНГ ҚҰРБАНЫ
БОЛҒАН ҚОҒАМ

8

ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ ЖАҢА МҮШЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Жуырда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында сырбойылық журналистер Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды. 28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай одақтың куәлігі мен төсбелгісіне ие болды. Іс-шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов қатысты.

– Ең алдымен барлығыңызды байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұқара мен билік арасындағы алтын көпірге айналған журналистер қауымы қоғамның белді мүшелері десем қателеспеймін. Облыстық «Сыр бойы» газетінің ұжымы газеттің 95 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлттық «Үркер» сыйлығын,

облыстық «Qyzylorda» телеарнасы «Тұмар» сыйлығыниеленді. Мұның өзі аймақтық БАҚ саласының үздіктер қатарынан ойып тұрып орын алғанының дәлелі. Кәсіби мерекеде марапат төрінен көрініп, еңбектерінің жемісін көріп жатқан ардагер журналистерді, одаққа мүше болғалы тұрған жандарды құттықтай келе, еңбекте табысты болыңыздар дегім келеді. Сіздерге

шығармашылықтың шыңына жететін күш-қуат тілеймін, – деді басқарма басшысы Р.Каюпов.

Мүшелікке қабылданғандар қатарында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сағыныш Мұхитқызы, «Жаңақорған тынысы» газетінің авторы Ардақты Бақдәулетқызы, «Қызылординские вести» газетінің тілшілері Перизат Абдулазисова мен Айда-на Мусаева, «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Әлия Тәжібай, «Жаңақорған тынысы» газетінің тілшілері Макпал Патенова мен Әсел Рзаева бар. Сонымен қатар «Сыр түлегі» газетінің бас редакторы Азамат Әбимолдаев, облыстық энергетика басқармасының баспасөз хатшысы Адина Ұзақбай және «Ұстаз мәртебесі» газетінің тілшісі Замира Қонысжан да одаққа мүше болды.

Өз кезегінде сөз алған облыстық филиал төрағасы Қуат Әбішұлы:

– Жылдағы дәстүрге айналған іс-шара биылда өз жалғасын



Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» медалін Кенжалы Райымбекұлына табыстады.

тапты. Қалам ұстап, қасиетті мамандықтың бел ортасында жүрген жандарды құттықтаймын. Еңбектеріңіз еленіп, қашанда абырой биігінен көрінулеріңізге тілектеспін, – деді.

Сондай-ақ аталған іс-шарада отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқаны үшін бірқатар БАҚ саласының қызметкерлері, ардагер журналистер марапат төрінен көрінді. Ең алдымен басқарма басшысы Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» медалін Кенжалы Райымбекұлына табыстады. Сонымен бірге Қазақстан Журналистер

одағының Құрмет грамотасымен облыстық «Сыр бойы» газетінің ардагер журналисі Қайырбек Мырзахметұлы, Рысты Бекбергенова, Арал аудандық «Толқын» газеті бас редакторының орынбасары Абай Елеш, Қазалы аудандық «Қазалы» газетінің бас редакторы Есет Табынбаев марапатталды.

Іс-шарада ардагер-журналист, Қазақстанның Құрметті журналисі Қайырбек Мырзахметұлы мен ақын Сағыныш Мұхитқызы журналистер қауымын мерекемен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

«АЖ» ақпарат

Бүгінгідей заманда барлығы жылдамдыққа үйренген. Бірі – оқуға, жұмысқа, екіншісі – өмірдегі орнын табуға асығады. Осы бір қарбаластың ішінде біз байқай бермейтін байқамайтын, бірақ жанға дауа бермес бір мәселе бар. Ол – психологиялық күйзеліс. Бұл тақырып әлі де жабық. Бірақ көзге көрінбейтін бұл дерт бүгінде жастарды да, ересектерді де күйретіп барады.

Психологиялық күйзеліс тек ересектердің ғана емес, сондай-ақ жастардың да басты мәселесіне айналған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әрбір төртінші адам өмірінде кем дегенде бір рет психикалық қиындыққа тап болады. Алайда бұл туралы айту көпшілік үшін әлі де ұят, әлсіздік ретінде қабылданады. Психолог мамандардың айтуынша, күйзелісті дер кезінде анықтап, маман көмегіне жүгіну – үлкен кадам. Өкінішке орай, көптеген адам бұл белгілерді елемейді немесе өздігінен жеңуге тырысады. Соның салдарынан күйзеліс асқынып, психикалық дертке ұласуы мүмкін. Психология бойынша адам екі аптадан артық уақыт ішінде көңіл-күйі түсіп, ұйқысы тыныш болмай, эмоционалдық көңіл-күйі тым пассивті немесе тым белсенді болған жағдайда психологиялық күйзелістің алғашқы дабылы соғылады.

Қазір қоғамда адамның сыртқы келбеті ғана емес, ішкі жан-дүниесі де алаңдатарлық күйде. Күйзеліс – бәрімізге таныс жағдай. Бірақ оның да түр-түрі бар. Психологтар күйзелісті негізінен үш түрге бөледі: жедел күйзеліс – бір реттік, кенеттен пайда болатын қысым. Мысалы, жақыныңнан айырылу, ажырасу немесе жол апаты. Созылмалы күйзеліс – ұзақ уақыт бойы ішкі қысыммен жүру. Жұмыстағы проблемалар, отбасылық кикілжің, қаржылық қиындықтар әсер етеді. Эустресс пен дистресс – эустресс адамды алға жетелейтін оң мотивация болса, дистресс – керісінше, жанды қажытатын ауыр күй. Бұдан бөлек, күйзелістің нақты көріністері ретінде депрессия, эмоционалдық күйіп кету, паникалық шабуыл, тұлғалық дағдарыс және мазасыздық бұзылыстары бар. Бүгінгі адамның өмір сүру ырғағы тым жылдам. Таңнан кешке дейін жұмыс, оқу, жоспар, жауапкершілік. Демалуға, өзіне қарауға уақыт тапшы.

– Жалпы, біз қоғамда өмір сүргендіктен, қоғам мүшесі ретінде басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсеміз, қызмет етеміз, білімаламыз, түрлі орында жүреміз.

Сол себепті күнделікті өмірімізде түрлі әдіспен әрекет етеміз. Алайда әртүрлі жағдайда психологиялық күйзелістер болуы мүмкін. Қазір неге адамдарда күйзеліс көп? Бұл неге байланысты? Әрине, бүгінде біз «цифрлық дәуірде» өмір сүріп жатырмыз. Сандық технологиялардың дамуы адам миының жұмыс істеу қабілетіне де әсер етеді. Яғни, ми бұрынғыдай логикалық ойланбайды, дайын ақпаратқа тәуелді болып барады, – дейді психолог Балабек Сақтағанов.

Оның айтуынша, бүгінде көп адам өз бетімен мәселені шешуге тырыспайды. Себебі интернет бар, жасанды интеллект бар, «Google» бар – бәрі дайын жауап береді. «Instagram», «TikTok» секілді желілерде адамдар тек көзбен көргенін қабылдап, терең ойланбай, эмоциямен жауап береді. Олар ұзақ бас қатырмай, қысқа видеобейнелер көріп, назарын жиі ауыстырады. Бұл да ми жұмысына кері әсер етеді. Бұл – цифрлық технологиялардың дамуына байланысты туындаған бір фактор. Екінші фактор – экономикалық жағдай. Қаржылық қиындықтар адамдарды күйзеліске түсіреді. Көп адам несие алып, соны

төлеуді уайымдайды. Бар тапқан табысы несиеге кетіп жатыр. Сол себепті адамдар отбасыға, бала-шағаға қажетті киім-кешек алуға да қиналады. Өз қажеттіліктерін жабу үшін де ақшасы жетпейді. Мұның бәрі адамға психологиялық қысым түсіреді. Сонымен қатар отбасындағы қарым-қатынастың нашарлауы, баламен сөйлесуге уақыттың жетпеуі – күйзеліске ұшыратуы мүмкін. Бұған жаһандық оқиғалар, соғыстар, табиғи апаттар секілді факторлар да қосылады.

– Қоғамда әлеуметтік желілер де күйзелістің көзіне айналып отыр. Мысалы, біреулер басқа адамдардың «жасанды» бақытын көріп, өз өмірін сонымен салыстырып, өзін төмен санайды. Ақпараттың көптігі де адамды қажытады. Бұған қоса, қаржылық сауатсыздық салдарынан ойынға тәуелділік, құмар ойындарға беріліп кету сияқты қауіптер де бар. Кейбір жастар мен ересектер түрлі бас тигуге, онлайн ойындарға тәуелді болып жатыр. Бұл да күйзелістің бір себебі. Бұрын мұндай болмаған. Қазір заман өзгерді, сол себепті адамдар психологиялық қолдауды жиі қажет етеді. Ең жақсы тәсілдердің бірі – сүйікті іспен айналысу. Мысалы, шахмат ойнау, сурет салу, жануарлармен уақыт өткізу,

табиғатта серуендеу, спортпен айналысу, бокспен айналысу – мұның бәрі стресстен арылуға көмектеседі, – дейді психолог.

Әр елде психологке барудың бағасы әртүрлі. Қазақстанда 1 сеанс орташа – 20 000-50 000 теңге аралығын құрайды. Ал Алматы мен Астанада тәжірибелі мамандар 25 000 теңгеден басталады. Шетелде бұл баға жоғары: Ресейде – 20 000 – 60 000, Түркияда – 8 000 – 38000, Германияда – 25 000 – 40 000, Америкада – 40 000 – 100 000, Жапонияда – 30 000 – 60 000 теңге. Онлайн терапиялар бұдан арзанырақ. Ал кейбір Еуропа елдерінде психологиялық көмек әлеуметтік сақтандыру арқылы тегін беріледі. Ең көп маманға жүгінетін ел – АҚШ. Мұнда халықтың 40%-ы өмірінде кем дегенде бір рет психологке барып көрген. Германия, Норвегия, Финляндия, Канада, Аустралия елдерінде де бұл – күнделікті мәдениеттің бір бөлігі. Жапония мен Кореяда соңғы жылдары жастар арасында психологке бару сәнге емес, қажеттілікке айналып келеді. Ал Қазақстанда жағдай өзгере бастады. Бұрын бұл «ұят» немесе «есі дұрыс емес адам барады» деген түсінік болса, бүгінде жастар тарапынан сұраныс артып келеді. Әсіресе қала жастары

мен студенттер арасында. Эмоционалдық күйзеліс – түрлі белгінің жиынтығы арқылы көрінетін күрделі жағдай. Ол физикалық шаршау, ой мен сезімнің таусылуы, созылмалы күйзелістің айқын көріністерін қамтиды. Мұндай кезде адамның еңбек ету қабілеті төмендеп, ұйқысы бұзылады, көңіл күйі үнемі құлдырап тұрады. Сондай-ақ түрлі соматикалық сырқаттар пайда болып, алкоголь, құмар ойын сияқты зиянды «тынығу» тәсілдеріне әуестік күшейеді. Эмоционалдық күйзеліс қауіп әсіресе адамдармен тығыз жұмыс істейтін қызметкерлерге: әлеуметтік сала мамандарына, педагогтерге тән. Себебі жоғары жұмыс қарқыны, демалыстың тапшылығы, қиын клиенттермен жиі кездесу үлкен стресс көзі болып саналады. Бұл күйдің қауіптілігі – баяу өрши беруінде: әуелде адам тек қалыптыдан көбірек шаршағандай сезінеді, ал жағдай ушыққанда барлық салада бұзылу белгілері байқалады. Мазасыздық, енжарлық, ұйқысыздық өрши түседі, ештеңе істеуге күш қалмайды. Көп жағдайда ағза түрлі ауруға шалдыққыш болып, адам өзін мүлде дәрменсіз сезіне бастайды.

Психологияда белгілі бір жас кезеңдерінде адамның өмірінде маңызды ішкі өзгерістер болып, дағдарыс тууы мүмкін: 3 жаста – бала «өзім» дегенді танып, ата-анаға қарсы шыға бастайды. 13 жас – жасөспірімдік кезең. Өз орнын іздеу, сыртқы әлеммен күрес. 25 жас – жеке өмір, мансап, болашаққа байланысты дағдарыс. 30 жас – жетістіктерді бағалау, салыстыру, «Қатарымнан қалып қойдым ба?» деген уайым. 40 жас – «орта жас дағдарысы». Адам өз өмір жолын қайта қарауға мәжбүр болады.

Күйзеліс – әлсіз адамның емес, тірі адамның белгісі. Өрқайсымыз қандай да бір сәтте ішкі тығырыққа тірелуіміз мүмкін. Ең маңыздысы, бұл күйден шығуға ұмтылу, көмек сұраудан қорықпау және жан саулығына дәл денсаулық секілді мән беру. Себебі мықты қоғам ең алдымен, психологиялық тұрғыдан сау адамдардан құралады.

Жандос МАХМУДБЕКҰЛЫ



Басы 1-бетте

Ақерке БИЯТОВА:

ЖАҢАЛЫҚ — КЕЗ КЕЛГЕН ТЕЛЕАРНАНЫҢ ЖҮРЕГІ

ұсындың басты талаптары туралы айтып беріңізші. Жаңалықты көбіне қайдан іздейсіз?

— Қазір ақпарат көп. Көрермен кімге сенерін, неге сенетінін білмейді. Сондықтан тек шынайы, жан-жақты сараланған сюжет керек. Бір кездері жұртты қылмыс, оқиға елең еткізетін, бірте-бірте ғаламдық мәселелер көбірек алаңдатады.

— Қазір тележурналистердің көбі әлеуметтік желіде белсенді. Сіздің ойыңызша, көрерменмен байланыс ориатуда не маңызды?

— Астана телеарнасының барлық өңірінде тілші бар. Күн сайын жылт еткен жаңалықты жеткізеді. Көбіне тұрғындар өздері хабарласып, әлеуметтік мәселелерін айтады. Қай кезде де өткір, өзекті проблемалар қамтылған материалдар өтімді.

— Жастар басылымының оқырмандары ішінде тілші болғысы келетіндер көп. Тележурналистің бойында қандай қасиеттер болуы керек? Сіз үшін ерекше есте қалған репортаждарыңыз туралы айтып беріңізші...

— Тележурналист өте жылдам болу керек. Таңертең тақырып тауып, спикермен келісіп, сьемкаға барып келіп, мәтін жазасың, оны редактор бекіткен соң, монтаж... сюжетің кешке эфирден шыққанда күні бойғы жүгіріс, шаршау ұмыт болады. Рахаттанасың, мәселені билікке жеткізіп, шешімін көрсетсең, ерекше сезімге бөленесің. Жылдам, шынайы

ақпарат жеткізу — тілшінің міндеті. Отқа да түсесің, суға да кіресің, ұшасың, құлайсың, далада түнейсің, аш жүресің, айдалада жаяу қаласың, аяз, боранда тоңып, аптап ыстықта күнге шыжып жүріп репортаж әзірлеудің өз кереметі бар. Маған ол қатты ұнайды. Әлі де түсірілімге шыққым келеді.

Ерекше есте қалған сәт өте көп. Арал теңізіне барғанымыз, жеңіл көлікпен Құланды мен Ақбастыда болғанымыз, санитарлық авиациямен Қаратеренде болғанымызды айрықша айтар едім.

— Журналистикада нақты ақпарат, жылдамдық керек десек те, шығармашылық шабытсыз көркем дүние жасалынбайды. Сізге қандай жағдайлар шабыт береді? Қандай тұлғаларды үлгі тұтасыз?

— Журналистикада әр адамның өз стилі бар. Біреуді үлгі тұтам деп айта алмаймын. Бірақ аға буыннан үйренеріміз көп. Облыстық телеарнада тележурналистикаға баулыған Жағыпар Қарабала, Несібелі Рахмет, Айтқұл Шалғынбаева, Гүлайым Жанұзақова, Нағима Жұмабаева, Бақыт Қалдыбаева, Қазыбек Ботаев, Гүлсара Мәмбетова, Айсұлу Қасымова, Алтынай Молжанова, Мұрат Жетпісбаев, Мөлдір Құлмырзаева, Шарипа Сақтапова және онан өзге де аға-апаларды әлі де үлгі-өнеге көреміз. Қара шаңырақта өсіп-жетілдік.

Жаңалық

— кез келген телеарнаның жүрегі. Мен 21 жыл тек жаңалықта жұмыс істеп келемін. Жаңалық тілшісі шабытпен санаспайды. Шығармашылық шабытты күтіп отыра алмайсың. Күн-түн демей, шауып жүресің.

— Телевизиядан тыс уақытта немен айналысқанды ұнатасыз?

— Менде телевизиядан тыс уақыт жоқ екен. Танертен жұмысқа барғаннан кешкі 9-да эфирді аяқтап үйге қайтамын. Өзіме ұнайды. Шаршамайды да екенмін. Қайта ләззат аламын.

— Алдағы уақытта сізді қандай жобаларда көруіміз мүмкін? Тележурналистика саласына нендей өзгерістер қажет деп ойлайсыз?

— Өзірге нақты жоспар жоқ. Бұйырғанын көреміз.

Тележурналистикада өзгелердің жүргенін құптамаймын. «Тауық сойса

да қа-сапшы сойсын» деген, әр салада өз маманы болғаны дұрыс. Сосын ұлттық құндылықтар көбірек дәріптелсе деймін.

— Сұхбат үшін рақмет!

Өңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА

АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕАТР ЖЕТПІСІНШІ МАУСЫМЫН АЯҚТАДЫ

Биыл Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры үшін мерейлі жыл болды. Театр ұжымы 70 жылдық мерейтойын атап өтті. Атаулы дата аясында 24-30 сәуір аралығында Сыр елінде алғаш рет «Сырдың Сәбирасы – І» атты халықаралық театрлар фестивалі ұйымдастырылды.

Фестиваль аясында театр қызметкерлері мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болды. Ал биыл театр репертуары 7 жаңа спектакльмен толықты. Жыл жабар қойылым ретінде көрерменге Лаша Табукашвилидің «Арманымың ақ құсы» мелодрамасы ұсынылды.

— Театрдың 70 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде атап өтілді. Алыс-жақын шетелдерден театр ұжымдарының басын қосқан «Сырдың Сәбирасы – І» атты халықаралық театрлар фестивалі ұйымдастырылды. Қазылар алқасы тағайындалып, сайыс ретінде өткізілгенімен, мұны ең алдымен тәжірибе алмасу деп қабылдаған дұрыс. Жалпы бір жыл ішінде театр қоржыны 7 спектакльмен толықты. Х.К.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» қуыршақ қойылымы, Ә.Асановтың «Өз-аға» деректі драмасы, А.Н.Островскийдің «Найзағай» драмасы, Э.Р.Распенің «Мюнхгаузеннің әлемі» балаларға және ересектерге арналған буффонада ертегісі, Ә.Тауасаровтың «Аюдың апаны» драмасы, Лаша Табукашвилидің «Арманымың ақ құсы» мелодрамасы және «Бір толқын» концерт-спектаклін сахналадық.

Биылғы маусымда театр репертуарының қорытындысы ретінде көрермен қауымға ұсынылғалы жатқан Лаша Табукашвилидің «Арманымың ақ құсы» атты мелодрамасы біздің театрдағы жас режиссер Жәнібек Маханбетиярдың тырнақалды жұмыстарының бірі. Бұл туынды тек қойылым ғана емес, буын сабақтастығының нақты бір белгісіне айналды десек артық айтпағанымыз. Жас маманның алғашқы қадамына сәттілік тілейміз. Оның шығармашылық жолы жарқын боларына сенеміз, — деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хұсейін Әмір-Темір.

Баспасөз конференциясында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбай-



ұлы театрдың маңыздылығына тоқталды.

— Тағы бір маусым өз мәресіне жетті. Бұл біздің театрдың 70 жылдық белесін еңсеріп, жаңа кезенге аяқ басқан тарихи сәті. Биыл біз көп дүниеге куә болдық.

Тұңғыш халықаралық фестивалді өткіздік, жаңа қойылымдармен репертуарымызды байыттық, жас актерлер мен режиссерлерге жол аштық. Театр тірі ағза секілді. Ол тыныстап тұруы үшін, ол өсіп-өркендеуі үшін жүрек, жан, рух керек. Ол — көрерменнің ықыласымен, әртістің шынайылығымен, режиссердің ізденісімен өмір сүреді. Бүгінгі болатын қойылым осы сөзімізге дәлел боларына сенеміз, — деді Бақытбек Алпысбайұлы.

«Арманымың ақ құсы» спектаклін қойған Қазақ ұлттық өнер университетін «Драма театр режиссурасы» мамандығы бойынша тәмамдаған Жәнібек Маханбетияр. Ол жас та болса, бірнеше спектакльді сахналап, байқауларда жүлделі орындарға ие болған талантты жас режиссёр. Жас маман Сыншылар жүлдесінің «Жаңа есім» номинациясы бойынша марапатталған.

Алғаш сахналаған спектаклі Р.Э.Распенің «Мюнхгаузеннің әлемі» балаларға және

ересектерге арналған буффонада қойылымы. Бұрын соңды театр репертуарында болмаған буффонада жанрындағы бұл қойылымды көрермен ерекше қабылдаған болатын.

— «Арманымың ақ құсы» бір кездесу арқылы бүкіл өмірі өзгерген жастың тағдырын суреттейтін мелодрама. Күтпеген сәтте жолыққан жан — жүректің ең терең түкпірінде жасырынған асыл арманға айналғанда, адам қандай таңдау жасайды? Бұл — махаббат пен еркіндік, сенім мен қорқыныш, үміт пен өкініш арасындағы нәзік шекарада тұрған жанның оқиғасы. Бұл спектакльді студент кезімізде қойғанбыз. Ал үлкен сахнада алғаш рет ұсынылып жатыр. Бағасын халық береді. Шығармашылығымызды әлі де дамыта береміз. Ізденісте жүргеннің жақсы тұсы кез келген сәтте дайын жүресің. Мына қойылым соның нәтижесі. Биылғы жыл менің режиссерлік жұмысыммен қорытындыланып жатқанына қуаныштымын, — деді режиссер Жәнібек Азаматұлы.

Атап өту керек, 1925 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш кәсіби ұлт театры ұйымдастырылды. 1926 жылы 13 қаңтарда Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы тұңғыш рет сахналанып, халық өнерпаздарының концертімен театр шымылдығы ашылды.

Осылайша ұлт театрының іргетасы Қызылордада қаланған. Сыр өнерінің қарашаңырағы — Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ драма театры 1955 жылы Талдықорған қаласында құрылып, 1960 жылы Қызылорда қаласына көшірілді. Театрға 1997 жылы музыкалық, 2019 жылы академиялық мәртебе берілді.

«АЖ» ақпарат



САРЫАРҚА ТӨРІНДЕГІ ЖАС ҚАЛА



Сол уақыттағы Жоғарғы Кеңестің төрағасы Әбіш Кекілбаев Парламент қулауындағы жағдайды: «Әдеттегі абыр-сабырдан әп-сәтте тыйылып, құлақтарын түре-түре қалыпты. Ақпарламаны Нұрсұлтан Әбішұлының өзі жасады. Зал тым-тырыс. Сілтідей тынып, тындап отыр. Президент сакадай сай әзірленіп келген. Қарша жауа жөнелген сұрақтарға еш мүдірместен егжей-тегжейлі жауап беріп жатыр. Сұрақтар сонда да тыйылар емес. Арасында әдейі намысқа тигісі келген қыршаңқы сұрақтар да жеткілікті. Олардың көпшілігі мәселенің бұлайша төтен қойылуынан әлдебір астар іздейді. Геосаяси айла-шарғы тапқысы келетіндер де аз емес. Тіпті, өйтпалыстан қармамай, күнделікті тұрмыстық күйбең тіршілікпен, жекжат-жұрағаттықтың жай-жапсарына байланыстыратындар да табылмай қалмады. Кейбірі бәрін апарып қайдағы бір саяси амбицияларға телиді. Ондай түймедейден түйедей, тырнақ астынан кілегей іздейтіндерді былай қойғанда, естиар деп жүрген азаматтардың өздерінің жуасытылмаған тайға мінгендей, тақымдарын қысып, қобалжып отырғандары байқалады. Көпшілігі басы қарқарадай Алатау мен жасыл торқа жамылып Алматы тұрғанда, аяқтастынан ақ түтек бораны арсы-күрсі Арқа төсіндегі қайдағы бір күйелеш-күйелеш көнетоз қалаға көшудің соншама неге керек болғанын,

қанша ойланса да, ақылдарына сыйғызса алар емес... Көбінің көзінен «Әлі де оялана түссек қайтеді?!» дейтін уайым,



шын қиналыс байқалады. Жасыратын несі бар, менің өзім де сол ынғайға көбірек дес беріп отырғандаймын» деп сипаттайды.

Ақырында астананы көшіру мәселесі қаралып, 1994 жылғы 6 шілде күні Жоғарғы Кеңес дауыстағы азғантай ғана айырмашылықпен астананы Ақмолаға ауыстыру туралы ұсынысты мақұлдау туралы шешім қабылдады. Ал 1998 жылғы 6 мамырда Ақмоланың атауы Астанаға өзгертілді.

90-жылдардың алағай-бұлағай кезеңінде, экономикалық дағдарыс пен саяси белгісіздік белең алған шақта ел астанасын ауыстыру туралы шешім көпшілікті таңғалдырғаны рас. Бірақ сол бір сәт – Қазақстан тарихының ең маңызды бұрылыстарының бірі болды. Астана – болашаққа сенген елдің ерік-жігерін, тәуекелін, батылдығын көрсеткен нақты қадам еді. Бұл өз кезегінде жаңа тарихтың, жаңа тыныстың бастауы болатын.

Сол күннен бастап Сарыарқаның төсінде алып құрылыс басталды. Елорда – даланың аңқылдаған желіне қарсы тұрып, шаң мен жаңбырға қарамай жұмыс істеген құрылысшылар, инженерлер мен қарапайым мамандардың маңдай терінен туған қала.

Бүгінде Астана – сәулетімен де, салмағымен де әлем көз тіккен мегаполис. Бұл қалада заманмен

океанариумы Гиннес рекордтар кітабының тізімінде. Ол теңізден ең шалғай жерде, 3000 шақырымнан астам қашықтықта орналасқан әлемдегі жалғыз океанариум. Мұнда 2500-ден астам гидробионт мекендейді. Дәл осы кереметті көруге жылына әлемнің 35 елінен 500 мыңнан астам қонақ келеді. Ал 2003 жылы «Moody's Investors Service» әлемдік рейтинг агенттігі елорданы әлемнің ең үздік 30 қаласының қатарына кіргізген.

Еуразия құрлығының орталығында, тоғыз жолдың торабында орналасқан Қазақстан астанасы ынғайлы көлік, коммуникация және логистика орталығына айналды. Елорданы көшіру туралы шешім қабылданған сәтте Ақмола халқының саны не бәрі 290 мың адам болған. 1 мамырдағы есеп бойынша, Астана қаласындағы халық саны 1 558 501 адамды құрады. Ал өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 1047582,4 миллион теңгені құрайды. Бұл өткен жылдың қаңтар-мамыр айымен салыстырғанда 2,5%-ға көп. Салалық өсім де байқалады. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 1488,1 миллион теңге, ал капиталға салынған инвестиция көлемі 705,4 миллиард

теңгені құрады. 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 427,6 млрд теңге болса, өсім 20,9% болды. Инвестициялар көбіне жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, өнеркәсіп, көлік және қоймалау, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету және т.б. бағыттарға тартылды. Жалпы өңірлік өнім көлемі 8% өскен. Ал жұмыссыздар саны 33850 адамды құрайды. Бұл I тоқсандағы дерек. Былтырғы есептеулер бойынша, халықтың жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табысы 331276 теңгені құраған. Бұл 2023 жылға қарағанда 11% жоғары, аталған кезеңге нақты ақшалай табыс 0,5%-ға көбейген. 2001 жылдан бастап елордада «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы» іске қосылды. Нәтижесінде қала мен ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту орталығына айналды.

Астана – елдің жүрегі. Ал жүрек соғып тұрғанда, барлығы алға басады. Астана күні құтты болсын!

Әлия ТӘЖІБАЙ



АСТАНА – АРМАН ҚАЛА

ЕЛ АСТАНАСЫ ТАЛАЙ ЖАСТЫҢ ТАҒДЫРЫН ӨЗГЕРТІП, ҚАНША ҚЫЗ-ЖІГІТКЕ МҮМКІНДІК ПЕН ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ҚАЛА. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА СЫР БОЙЫНАН ҚОНЫС АУДАРЫП, ЕЛОРДАДА БІЛІМ АЛЫП ҒӘМ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРГЕН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ДЕ АЗ ЕМЕС. ОСЫ ОРАЙДА АСТАНАЛЫҚ АТАНҒАН ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫП, ОЛАРДАН БАС ҚАЛАДАҒЫ ӨМІР МЕН МҮМКІНДІК ТУРАЛЫ, ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН САҒЫНЫШ ЖАЙЛЫ СУРАП КӨРДІК.

ЖАҢА ТАНЫСТЫҚ, ЖАҢА КӨЗҚАРАС, ЖАҢА ДЕНГЕЙ

Карима Жұмағали, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Өзім қызылордада туып өскен соң Астанаға қоныс аудару мен үшін үлкен қадам болды. Иә, мұнда барлығы әлдеқайда басқаша. Тұрғындардың өмір сүруі бөлек, шапшаң әрі тез. Ал оның артықшылығы сіз өзіңізге нақты не керек екенін білесіз және сол арқылы көптеген мүмкіндікке ие боласыз. Өзіңізді дамытуға, білім алуға, армандарыңызға қол жеткізудің түрлі жолы бар. Бүгінде Астанада магистратурада оқып жатырмын, ғылымдағы алғашқы қадамымды жасадым. Сонымен қатар адами тұрғыдан да өте қатты әсер етті.

Жаңа таныстық, жаңа көзқарас, жаңа деңгей дегендей. Ал туған қалаға деген сағыныш, әрине, бар. Сыр елінің ыстығы, адамдарының жайдарлы жүзі оның барлығын сағынамын. Әйтсе де өзімнің армандарыма Астанада жеткім келеді. Қызылордаға алғысым шексіз. Сол жақтан алған тәрбие, білім арқылы бас қалада арман-мақсаттарыма қол жеткізіп жатырмын. Бұл біздің еліміздің ордасы, жанашылдықтың қаласы деп айтамыз.

«Ақмешіт жастары» басылымының оқырмандарын Астана күні мере-кесімен құттықтаймын!



ӨМІР ҚАРҚЫНЫ ӘЛДЕҚАЙДА ЖОҒАРЫ

Айнұр Шаймаханова, гинеколог-дәрігер:

Астанаға қоныс аударғаным 3 жыл болды. Бұл уақыт ішінде 2 қаланың айырмашылығын күнделікті өмірден-ақ байқауға болады. Қызылорда – менің туған жерім, ал Астана – еліміздің бас шаһары, жаңа мүмкіндік пен дамудың қаласы. Өмір сүру деңгейінде айтарлықтай айырмашылық бар. Астанадағы өмір қарқыны әлдеқайда жоғары, жылдам. Мұндағы адамдар бір орында тұрмайды, үнемі қозғалыста, жоспармен жүреді. Қызмет көрсету, тұрғын үй мен азық-түлік бағасының қымбат екені рас. Дегенмен жалақы көлемі соған сай және мүмкіндік өте көп. Әсіресе жастар үшін бұл қала нағыз дамушы орта. Жол қатынасына келетін болсақ, такси бағасында да елеулі айырмашылық байқалады. Жолда кептеліс те көп. Ал білім беру бағытына келетін болсақ, балаларға арналған курсы, қосымшалар жақсы жағынан қойылған. Елорданың болашағы зор. Даму мен өсуді қалайтындар үшін бұл қала жаңа мүмкіндіктер есігін ашады. Қызылордадағы өмірді комфортпен, тыныштықпен байланыстыруға болады. Адамдар арасында туыстық байланыстың басымдығы әрдайым сезіледі. Әрине, мен үшін туған жерім ыстық. Әрқашан жүрегімде қалады.

Ә.ЖАНӨБІЛҚЫЗЫ



СҰЛУ СЫРДАН ЕРКЕ ЕСІЛГЕ

Ердаулет Кәкімжанов, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Балық шаруашылығы комитетінің баспасөз хатшысы:

Университет қабырғасынан түлеп ұшып, төртінші білік несі атанған сәттен туған жерге қызмет етуді бастадым. Журналистика – тек жазумен сөйлеу ғана емес, түрлі саланы меңгеріп, білімді шырдап, жан-жақты болуға үлкен мүмкіндік. Соның бірден-бір дәлелі 7 жылда сұлу Сырдан ерке Есілдің жағасы, бас қала Астанаға келіп, журналистика бағытында мемлекеттік қызметтің алғашқы қадамдарын бастадым.

Әрине, туған жердің тынысы бөлек, тұрмысы басқа. Жакындарың жаныңда, өмір сүру дағдысы өз қалауыңдай. Менің көзқарасымда, «туған жер үнемі еркілік пен қателікті кешіріп, жетістігіне балаша қуанатындай» көрінеді. Ал Астана жастардың мүмкіндік мекені іспетті. Күннен-күнге көркейіп, ажары айшықтала түскен жас қаланы көргенде бойыңда еріксіз жігер тасып, жауапкершілік күшейе түседі. Жаңа қызмет, жаңа орта, жаңа тыныс. Соған сай әр ісіңнен, әр қадамыңнан нәтиже күтесің.

Таң ертеден басталған тіршілік кештің қалай батқанын байқатпайды. Мұнда уақытты тиімді пайдаланғандар сол күннің үздігі. Қарапайым кептелістің өзі тәзімділік беріп, қымбатшылық үнемге баулитындай. Бас қаладағы қызметті бастағаным небәрі айға жуық уақыт болса да бойдағы жастық жалынның әсерінен қаланың қиындығы әлі сезіле қоймады. Демек, бұл менің Астанаға деген махаббатым мен жігерім алға бастайтынын байқатқан болар.





Басы 1-бетте

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ СЕРПІН: БҮГІНГЕ ДЕЙІНГІ БЕТБҰРЫС

Алғашқы қадам: көпірден бастау алған көп өзгеріс

Сол жағалауды кешенді игеру жобасының алғашқы кезеңі 2017-2024 жылдарға бекітілген еді. Дегенмен нақты құрылыс жұмыстары белгіленген мерзімнен ерте басталды. Мәселен, 2016 жылы Сырдария өзенінің қос жағалауын жалғайтын көпір пайдалануға беріліп, бұл жаңа жобаның негізі қаланған сәт ретінде есте қалды. Сол жылдан бастап жаңа қалада алғашқы тұрғын үйлер, балабақша, Жастар ресурстық орталығы, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы мен басқа да маңызды әлеуметтік нысандар салына бастады.

2024 жылдың сәуір айында қала халқы тағы бір маңызды инфрақұрылымдық нысан – жаңа автовокзалдың ашылуына куә болды. 975 миллион теңгеге бой көтерген су жаңа сапаржай бір мезетте 200 жолаушыға қызмет көрсете алады. Жолаушылар халықаралық және облысаралық бағыттағы 38 маршрут бойынша сапар шегуге мүмкіндігі бар. Ғимарат заманауи талаптарға сай салынған, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да барлық жағдай жасалған. Автовокзалдың бас мердігері – «Техоснастка Ремсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жыл ортасында Қызылорда қаласында денсаулық сақтау инфрақұрылымы да жаңа деңгейге көтерілді. Былтырғы шілде айында Сырдың сол жағалауында жаңа қан орталығы ашылды. Бұған дейін қан орталығы облыстық көпбейінді медициналық орталықтың ішінде орналасқан еді. Қазір ол жеке ғимаратқа көшірілді. Құны 2,7 миллиард теңге болатын бұл нысан заманауи талаптарға толық жауап береуге қауқарлы. Жыл сайын 10 мыңға жуық тұрғын донорлық қан тапсырады, ал орталық 17 мың дозаға дейін қан компоненттерін дайындай алады. Құрылыстың 90%-ы отандық материалдардан тұрғызылған. Ашылу рәсімінде облыстың денсаулық сақтау мекемелеріне 76 санитарлық автокөліктің кілті табысталды.

Иә, былтырғы жыл сол жағалау үшін ерекше серпінді кезең болды. Көптеген



әлеуметтік, мәдени және білім беру нысаны іске қосылып, халыққа кең көлемде қызмет көрсете бастады. Қала күні қарсаңында, яғни 1 қазан күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен бірқатар маңызды нысанның ашылу салтанаты өтті. Атап айтар болсақ, республикалық бюджет пен «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен салынған аймақтағы алғашқы 900 орындық «Жайлы мектеп» ел игілігіне берілді. Құны 6 миллиард 851 миллион теңгені құрайтын бұл жаңа білім ошағында шәкірттердің сапалы білім алуына, мұғалімдердің шығармашылықпен еңбек етуіне барлық мүмкіндік қарастырылған. Жалпы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша облысымызда 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 3 000 орындық 6 мектеп пайдалануға берілсе, 3 900 орындық 4 мектептің құрылысы жыл аяғына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Дәл осы күні еліміздің болашағы саналатын балалар үшін тағы бір қуанышты сәт орын алды. «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2,4 миллиард теңгеге салынған 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының ашылу салтанаты өтті. Құрылысы 2023 жылдың желтоқсанында басталған көпфункционалды кешенде техноорталық, бағдарламалау, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық зертхана, жылыжайлар мен қысқы бақ,

телестудия, вокал, музыкалық аспаптар және хореография кабинеттері бар. Бұл нысан жас ұрпақтың жан-жақты дамуына мол мүмкіндік береді.

Сонымен қатар 2024 жылы 1қазан күні халықтың спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында сол жағалауда Үстел теннисі орталығы пайдалануға берілді. Облыстық бюджеттен 2,5 миллиард теңге, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорынан 900 миллион теңге бөлінген бұл жобаның жалпы құны 3,4 миллиард теңгені құрайды. Мұнда 16 үстел теннисі алаңы, 350 көрермен орны, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер қарастырылған. Қызметкерлер саны – 31. Бүгінде аталған нысан бұқаралық спортты дамытуға ықпал ететін маңызды спорт кешендерінің біріне айналды.

Балалар күніндегі басты жаңалықтар

Биылғы жаздың алғашқы күні де жағымды жаңалықтарға толы болды. Атап айтар болсақ, 1 маусымда Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты ашылды. «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен салынған бұл нысан 650 орынға лайықталған. Жобаның жалпы құны – 4,8 миллиард теңге.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі – Сыр өңіріндегі мәдени мұра мен ұлттық өнердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып,

кемелденуіне айрықша үлес қосып келе жатқан бірегей оқу ордасы. Талай дарынды жасқа бағыт-бағдар берген бұл білім ошағы жылдар бойы талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта орналасқанымен, қиындықтарға қарамастан жастарды өнер жолына тәрбиелеу ісін табандылықпен жалғастырып келді.

Бүгінде колледж жаңа ғимаратқа көшіп, онда студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Кең әрі жарық концерт және би залдары, хормен жұмыс жүргізуге арналған арнайы бөлмелер, заманауи музыкалық пән кабинеттері оқytудың сапасын арттыруға сеп болуда. Барлық оқу аудиториялары қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Сонымен қатар 200 орындық заманауи жатақхана шалғай аудандардан, елді мекендерден келіп білім алатын жас өнерпаздарға жайлы тұрмыс жағдайын ұсына алады. Материалдық-техникалық базаның нығаюы – колледждің шығармашылық әлеуетін арттырып, өнер жолындағы жаңа буынды тәрбиелеуге берік негіз қалайды.

Сондай-ақ музыкалық колледжбен қатар, құны 2,3 миллиард теңге болатын облыстық тарихи-өлкетану музейі де пайдалануға берілді. Бұл нысанның құрылысына «Самұрық-Қазына» Ұлттық компаниясы өз үлесін қосты. Музейде археологиялық қазба жұмыстары негізінде табылған «Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» мүсіндері орналастырылған.

– Заманауи жаңа ғимарат ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына, облыстық музейдің 85 жылдығына керемет тарту болды. Киелі «Сыр елі – жыр елінің» мәдени қазынасы арта бергей! – деді облыс әкімі жаңа музейдің ашылу салтанатында.

Дәл осы күні қаламызда ашылған нысандар қатарында физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты да бар. 300 орындық жатақханасы мен 400 орындық мектептің құрылысына «Білімді қолдау» қорынан 8,4 миллиард теңге бөлінген.

Қазіргі уақытта Қызылорданың сол жағалауында тағы бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 11 мың орынға арналған жаңа стадионның құрылысы қарқын алған. Жалпы құны 20,1 миллиард теңгені құрайтын бұл спорт нысаны өңірдегі бұқаралық спорт пен халықаралық деңгейдегі жарыстарды дамытуға арналған. Бүгінде мұнда шығыс және батыс трибуналардың металл конструкциялары орнатылып, қабырғалар, ішкі бөлмелер мен сыртқы витраждар қаланған. Футбол алаңын жабықтау, ішкі әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге «Qyzylorda Arena» көпбейінді сауықтыру кешенінің және «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бұл бастамалар инклюзивті ортаны дамыту мен спортқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорыта айтқанда, Қызылорданың сол жағалауы бүгінде жаңа тыныс, жаңа келбет, жаңа сапа алаңына айналды. Сыр бойындағы бұл ауқымды жобалар – мемлекеттің, бизнестің және қоғамның үйлесімді әріптестігінің жемісі. Болашақта да бұл аумақтың дамуы өңір халқының игілігі мен өмір сапасының артуына негіз болары сөзсіз.

ИНДУСТРИЯ МЕН ЛОГИСТИКАНЫ ДАМУТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Қызылорда облысында индустриялық-инновациялық дамудың жаңа бағытына жол ашатын маңызды бастама жүзеге асырылады. Өңірде өндіріс көлемін арттырып, инвестициялық тартымдылықты күшейту мақсатында «Қорқыт Ата» атты жаңа арнайы экономикалық аймақ (АЭА) құрылды.

Бұл экономикалық аймақ заманауи өндіріс ошақтарын шоғырландырып, жаңа кәсіпорындар ашуға, соның нәтижесінде аймақта жұмыс орындарын көбейтуге сеп болмақ. Жобаның негізгі артықшылықтарының бірі – оның орналасуында. АЭА Қызылорда қаласының іргесінде, халықаралық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізіне жақын маңда орналасады. Бұл өндірілген өнімнің ішкі және сыртқы нарықтарға жедел жеткізілуіне жол ашады.

Аталған жаңалық туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп

басқармасының басшысы Дәурен Әбілхайыров хабарлаған болатын. Оның айтуынша, жаңа АЭА аясында шетелдік және отандық инвесторлар үшін бірқатар салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Бұл өз кезегінде Қызылорда өңірінің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, логистикалық мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

– Қызылорда облысында өндіріс пен инвестицияны дамытуға бағытталған жаңа стратегиялық жоба – «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. АЭА Қорқыт ата халықаралық әуежайы маңында, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын орналасқан 550 гектар аумақты қамтиды. Аймақ үш негізгі бағытта дами: авиацияға қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда және қоймалау, сондай-ақ өнеркәсіптік өндіріс. Бұл бағыттар заманауи инфрақұрылымды қалыптастырып, шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымды орта ұсынады. Алғашқы жобалар қатарында құрылыс индустриясына арналған зауыттар, жүн және тері өңдеу, киім және тоқылмаған материалдар өндірісі жоспарланған. АЭА қатысушыларына салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Жоба




аясында 3 000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылып, жалпы 150 миллиард теңгеге дейін инвестиция тарту көзделіп отыр. Сонымен қатар жобаларды іске асыру үшін мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылыммен қамту және жер телімдерін тегін жалға беру қарастырылған. «Қорқыт Ата» АЭА Қызылорда өңірінің экономикалық дамуына тың серпін беріп, оны еліміздің ірі өндірістік және

логистикалық хабтарының біріне айналдыруға жол ашады, – деді Дәурен Тұрғанбайұлы.

Жаңа экономикалық аймақтың іске қосылуы – Қызылорда облысының экономикалық қартсында маңызды бетбұрыс жасап, өңірдің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін бермек.

Бетті дайындаған Аружан ОРАЛБАЙ



АҚПАРАТ ЗАМАНЫНЫҢ ТАЛАБЫ МЕН ТАРТУУЫ КӨП

жаңалықтардың азымен ғана шектелмейді. Аукымы – кең, қызметі – күрделі. Қазіргі қоғамда БАҚ көз ілеспес жылдамдықпен дамып келеді. Бүгінде ақпарат көзі жаңа технологиялар арқылы адамдарға қызмет етеді. Оған бүгінде өзіміз қолданып жүрген ғаламтор жүйесі және де әлеуметтік желілер куә. Ақпарат заманының талабы мен тартуы көп.

Менің ойымша, журналистика – ең таңдаулы әрі ең қызықты мамандық. Бұл мамандыққа келген жан кәсібіне адалдық танытып, әділдікті жақтауы тиіс. Қоғамда болып жатқан жағымды-жағымсыз оқиғаларды саралай алуы тиіс. Тың ақпаратты халыққа жеткізер кезде дерек пен дәйек толық қамтылуы шарт.

Кез келген адам өзіне ұнайтын маман иесі болудан жаңылмағаны абзал. Себебі мамандық таңдау – болашақтың басталдағы. Менің таңдаған мамандығым – журналистика. Бала кезімнен журналист боламын деген арманмен келе жатырмын. Алдағы уақытта осы мамандықтың қыр-сырын бүге-шүгесіне дейін толық меңгерсем деген мақсатым бар. Сол арқылы өз ісіміңіз үздігіне де, шеберіне де айналғым келеді. «БАҚ – халық пен билікті байланыстыратын көпір» дейді. Осылайша, билік пен қоғам арасындағы дәнекер болсам деймін. Осы жолда талмай, тынбай оқуға, ізденуге күш жұмсауым керек.



Журналиске әрқашан дәлдік, қағілездік сынды қасиеттер керек. Бұл біздің ұстанатын қағидамыз, жолбасшымыз болады, адамды адастырмайтын темірқазыққа айналады. Қорыта айтқанда, журналистика сан түрлі мамандықтың бастауы секілді. Бұл сала адамды әмбебаптыққа үйретеді, баулиды, шындайды. Ендеше, мен де өз саламның майталманы болуға жорығымды бастаймын.

Ерсұлтан
КЕНЖЕБАЙ

Журналистика – қоғамның келбеті, жақұт көзі және тіл, елдің жүрегі. Мамандықтың тарихы тереңде. Өміршең мамандық.

Ежелгі Мысырда папирус парағына ақпарат жазылса, көне Римде хабарландырушылар тактай-шалар ілетін. Осылайша, журналистиканың шежіресі басталды. Арада талай жыл өтсе де, түпкі мағынасын сақтай отырып, бүгінге жетті. Қоғамның айнасы деп атауымыздың өзіндік сыры бар. Күнделікті тіршілікте болып жатқан хабарларды журналист ой елегінен өткізіп, үлкен бұқараға ұсынды. Нәтижесінде, айналада орын алып жатқан күллі жайттан ел хабардар болады. Сонымен қатар тағы да айта кететін мағынасы терең ой бар. Ол – ұлттық құндылық. Журналистер сөз

МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ

«қашан камера алдында дәл осылай күлімсіреп, халықтың назарында жүреді екенмін?» деп сұрақ қойып та аламын. Осы арманыммен алысқа қол созғым келетін мен уақытымды зия кетірмей, ізденісте жүрмін. Журналистиканың тарихын, түпкі тамырын, журналистке тән шеберлік бұқаралық ақпарат құралдарына тән ерекшеліктер мен стильді зерттеп, санама құйып келемін.

Ендігі мақсатым – арманымды ақиқатқа айналдыру. Ол, әрине, елге танымал, білікті, кәсіби журналист атану. «Адам өмірінде мамандық таңдаудан қателеспеу керек» дейді. Саналы адам саналы түрде мамандық таңдау қажет.

Журналистиканы әркім әрқалай түсінеді. Бірі «журналист – төртінші билік өкілі» десе, екіншісі «ақпарат таратушы» дейді. Журналистика жан-жақтылықты талап ететін, жүгі ауыр, жауапкершілігі мол сала. Дәл сонысымен ерекше. «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» демекші, қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық. Зерттеулерге назар аударсақ, 2030 жылға қарай әлемде 57 мамандық жойылып кететін көрінеді. Ал журналистиканың болашағы ешқашан бұлыңғыр болған емес. Сол үшін егемен еліміздің мәртебесін биіктетіп, дамыған елдердің қатарынан орын алуына өз үлесімізді қосу мақсатында жан-жақты білім алуымыз керек. Білім және ғылымды қатар игеріп, ғана еліміздің абыройын асқақтатарымыз сөзсіз.

Алтынай ҚУАНДЫҚОВА,
Б.Момынбаев атындағы
№278 ІТ мектеп-лицейінің түлегі

Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының ұлы перзенті, оның шығармалары мен ойлары ұрпақ үшін аса маңызды мұра. «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» өлеңінде ақын қазақ халқының өткенін, қазіргі жағдайын және болашағын терең талдай отырып, ұлттық сана мен руханиятты жоғары бағалайды. Бұл шығармада көтерілген мәселелер бүгінге дейін өз маңыздылығын жоймаған.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ҺӘМ БҮГІНГІ ХӘЛІ



Өлеңнің негізгі мазмұны қазақ халқының қазіргі ахуалын сынап, оның болашағына үмітпен қарайтын көзқарасты ұстану. Міржақып Дулатұлы өз шығармасында қоғамның рухани құлдырауын, білім мен мәдениеттің ілгерілемейуін, сол арқылы ұлттық болмыстың жоғалуын сынайды. Ол қазақтың рухани күйзелісін, тарихи қалыптасқан жағдайлардан шығудың жолын іздейді. Осы тұста оның өлеңіндегі басты тақырып – ұлттық тәуелсіздік пен тоқсандық жету, халықтың оқу-білім арқылы жаңғырып, жаңа өмірге қадам басуы керек екендігі.

Міржақып Дулатұлының айтуынша, қазақ халқының өзіне тән ұлттық құндылықтары мен мәдениеті сақталуы тиіс. Бұл ол үшін маңызды. Ол халықтың сауатын ашу, білім алу арқылы дұрыс жолға түсетініне сенеді. Сол арқылы ғана қазақ халқы өзінің рухани байлығын қайта жаңғыртып, қоғамдағы өз орнын таба алады. Бұл идея оның шығармаларында үнемі алға қойылады, себебі ол қазақ халқының келешегі білім мен ғылымда деп сенді.

Қазіргі қазақ қоғамы дәл осы мәселелермен бетпе-бет келіп

отыр. Міржақып Дулатұлының туындысындағы ұлттық сананың көтерілуі, халықтың білім мен мәдениетке деген қызығушылығының артуы бүгінгі күнде де өзекті болуда. Ол заманы мен бүгінгі кезеңнің арасындағы сабақтастықты, жалғастықты айқындап, ұрпақтар арасындағы жауапкершілікті атап көрсеткен.

Қорытындылай келе, Міржақып Дулатұлының «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» өлеңі қазақ халқының өткенін, қазіргі жағдайын және болашағын терең талдайтын, ұлттық сана мен руханиятты жоғары бағалайтын туынды. Оның шығармасында көтерілген мәселелер бүгінге дейін өз маңыздылығын жоймаған. Ол халқының болашағына үмітпен қарай отырып, білім мен мәдениеттің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Міржақып Дулатұлының осы шығармасы қазіргі қазақ қоғамы үшін өзекті болып, ұрпақтан-ұрпаққа тараған маңызды әдеби мұра.

Гүлсезім ЖҰМАҒҰЛ,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік оқу орталығы «Жас тілші» үйірмесінің оқушысы


Әлі есімде мектеп қабырғасында жүргенде ауылдан келген, жаздық тәпшікемен наски киетін жігітті көпшілік «жабрик», сабақты жақсы оқитын, қызға сөз айта алмайтын бозбаланы «задрот», жігіттің сұтанын «крутия» дейтін еді. Одан соң «Eminem», «2Pac», «Usher», «Тиматилердің» өнері көбейте түсті. Ол уақытта «сленгпен» сөйлеу және оны алдыңғы ұрпақтың түсінбейтіні ешкімнің ойына кіріп-шықпаушы еді. Шын мәнінде, тіл мамандарының айтуынша, сленг – зерттеуді қажет ететін үлкен тақырып. Өйткені бұл – бүтін бір ұрпақтың болмысының бір бөлшегі. Қазіргі ұрпақ қай тілде сөйлеп жүр? Олардың түсініксіз сөздері тілдің қадірін кетіріп бара жатқан жоқ па?

Нерізі сленг – белгілі бір топ өкілдері, әсіресе, жастар арасында кең қолданылатын арнайы сөздердің жиынтығы. Еуропада бұл термин XIX ғасырдың басында кең қолданысқа енген, түбіріне қатысты тартыс көп. Әйгілі британиялық лингвистер Дж.Б.Гриноу бен Дж.Л.Киттридж сленгті «қаңғыбастардың тіліне» жатқыза, филологтардың екінші бір тобы бұл құбылыстың әлеуметтік сипатқа ие болғанын айтады. Мәселен, әлеуметтік жаргон алғаш XVIII ғасырда шаруалардың арасында пайда болған деген дерек бар. Олар тұрмыстағы кейбір құпияларды иесінен жасырын ұстау үшін арнайы сөздерді пайдаланған деседі. Мысалы, жыртылған жердің жасырын орындай алмаған екі шаруа өзара мәміле жасау үшін жаргон сөздердің көмегіне жүгінген көрінеді. Одан қала берді, рэй жанрының жанкүйерлері, әртүрлі гей-мерлер де өз арасында түрлі сленгтер қолданған. Тіл мамандарының тағы бір тобы сленгке қарабайыр сөз ретінде қарауға болмайтынын айтады. Өйткені бұл құбылыс қоғамда белең алғаны соншалық, кей сөздер әдеби тілге еніп кеткен. Мәселен, «шпаргалка» сөзі о баста жаргон болған.

Ал бүгінде әр ұрпақтың өзіне тән түсініксіз сөздері бар. Бүгінгі буынның сөздік қорына зер салсаң, жаңадан тіл ойлап тапқан шығар дерсің. Қазір «краш» сөзі жастардың жаргоны десек те, кең қолданысқа енді. Олардың сөздік қорындағы жаңа сленгтердің дені ағылшын тілінен алынған. Бірнеше мысал келтірсек, шағыстыру, ызаландыру дегенді жастар «байтить» дейді, түбірі «to bite» – ағылшын тілінен «тістеу» мағынасын береді. Олардың «Мені байтить етуді

қойсаңшы» дегенін жиі естиміз. «Вайб» – атмосфера, көңіл күй дегенді білдіреді. Бұл да ағылшын сөзі, «vibe» – вибрация. Алғашында эзотериктердің жаргоны болған бұл сөз кейіннен жастардың арасында кең қолданыла бастады. «Вайбты бұздың ғой» дейтіні «белгілі бір көңіл күйді құрттың» деген мәнге саяды. Войсить – дауыстық хабарлама жазу дегенді білдіреді. Айта берсек, қазіргі жастардың сөздік қоры жаңа сөздерге бай: кринж – ұятты іс, пранк – әзілдесу, пруф – дәлел, рофл – күлкіден жарылу, хейт – жек көру, чекать – тексеру және тағысын тағылары.

Жастар тілін түсінесіз бе?



Десе де бүгінгі ұрпақтың арасында түбірі орыс тіліндегі сөздерден енген жаргондар да бар. Мәселен, жастар қолданатын «варик» сөзі орыстың «вариант» дегенінің қысқартылған нұсқасы. «Зашвар» – ұятты іс, бұл сөздің тарихы жағымсыз, «зашварить» сөзін түрмедегі қауым біреуді кемсіту үшін қолданып болған. Сондай-ақ қыздар арасында кең танымал «ЛП» сөзі орыстың «лучшая подруга» дегенінің қысқартылған түрі. Сөздерді қысқарту арқылы сленг жасау бүгінгі жастар арасында көп кездеседі. Мұны тіл мамандары интернеттің, әлеуметтік желілердің дамуымен түсіндіреді. Филолог мамандар кез келген ұрпақтың өзіне тән сөздері болатынын және бұл құбылысты қалпыты қабылдауымыз керектігін жиі айтып жүр. Себебі біз қаласақ та, қаламасақ та сленгтен әдеби тілге енген сөздер көп, оны тіл тарихынан көріп отырмыз.

– «Сленгтер тілді шұбарлайды» деп оны қолданысқа енгізуден түбегейлі бас тартқанымыз орынсыз. Өйткені тіл үнемі өзгеріп, дамып, замана ағымына бейімделіп отыратын тірі ағза. Мәселен,

тоқсаныншы жылдардың басында өмір сүрген жастардың жаргоны басқа болды. Ол уақытта интернет, әлеуметтік желі болған жоқ. Таршылық заман, жастардың көбі ұрлық, төбелеске үйір болды. Оларды көше тәрбиеледі. Сөйкесінше, жаргондары да қылмыстық өмірді сипаттайтын мәнде болды. Ал қазір жағдай мүлдем басқа. Бүгінгі ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу, жаңалықтарға бейім. Оның үстіне қазір билингвизм – заманауи тенденция, екі-үш тіл білу – қалыпты жағдай. Z ұрпақтың сөздік қорына енген сөздер де әртүрлі тілден еніп жатыр. Сондықтан тілдің уақыт өте өзгеруі – табиғи құбылыс, бұл

Жастар тілін түсінесіз бе?

құбылысты сынға алудың орнына, дұрыстап зерттегеніміз абзал, – дейді филолог Зәуреш Құсайынова. Шын мәнінде, тоқсаныншы жылдары жастар қолданған жаргондардың көбі бұзақылық әлемімен байланысты болған. Мәселен, ол уақытта есірткі жеткізуші – «президент», сапалы ішімдік – «блондинка», ал сапасыз түрі – «бурда», «синька», қылмыскер – «боготыры» делінген. Бір қызығы, сол уақытта сленг болған сөздердің көбі зат есім және көбіне әйелдер мен ерлердің түрлерін сипаттаған. Ал қазіргі жастардың жаргондары көбіне етістік және көңіл күйді, түрлі эмоцияны білдіреді.

Ғалымдар бұл жағын жеке зерттеу керек екенін көп айтады. Өйткені тіл тарихына зер салсақ, әдеби қолданысқа енген жаргон сөздер жетерлік. Бұл құбылыс бүгін де қайталануда. Қазіргі ұрпақтың да сөздік қорынан бірнеше сленг бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне еніп үлгерді. Мәселен, «буллинг» – әлімжеттік, бұл сөз о баста жоғары сыныптың өзінен кішілерге көрсететін «бұзақылық» әрекетін сипаттаған. Қазір БАҚ беттерінде кез келген саладағы әлімжеттік мәселесін айтқанда «буллинг» сөзін қолданып жүр.

Әлеуметтік желілерден жастардың тілін түсінбейміз дейтін аға буынның, ата-аналардың уәжін көп көреміз. Өскелең ұрпақпен тіл табысайын десек, олардың тілін «үйренуіміз» керек шығар?! Сіз қалай ойлайсыз?

Ақкербез БОЛАТҚЫЗЫ

ЖАСТАРДЫҢ МЕНТАЛДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ МЕНДЕП БАРАДЫ

Басы 1-бетте

Ер азамат та мұнаяды...

Жасөспірімдер мен жастарды күйзеліс пен шаршауға итермелейтін себептердің ең бастысы ретінде әлеуметтік және жеке қысымдардың көбеюін негізге алуға болады. Қоғамдық күрес пен бәсекелестік кезеңінде өсіп келе жатқан «Z» ұрпақтары үздік болу, табысты мансап құру, отбасылық құтүлерді қанағаттандыру қысымын сезінеді. Әлеуметтік желідегі «идеал» өмір туралы лента мен қол жеткізген жетістіктер туралы еліктеулер де сенімсіздік тудырып, тұрақты стресске душар етеді.

Жанат Біржанова айтқандай, әлеуметтік желілер – өмірдің қиғаш «қабығы», олар жас буынның өзін-өзі танымауына себеп болады, ал «қабықтағы» мінсіз өмірдің суреті артында жастар өмірге деген сенімін жоғалтып, бейсаналық түрде өлімнен қорқуды ұлғайтады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да әсер етеді.

Психологтар баланың отбасындағы шиеленіс, қаржы проблемасы әлеуметтік күйзелістерге себеп деп атап көрсетеді. Қызылорда қаласында өткен оқыту шараларында мамандар қаржы қиындықтары, психикалық аурулар, отбасылық түсініспеушілік, зорлық-зомбылық, нашакорлық, тіпті қанды видео ойындардың әсері жасөспірім суицидтерінің көбеюіне ықпал ететінін айтып келеді. Жас буынды осындай көп бағытты қиындықтармен бетпе-бет қойып, одан жалғыз шығуға мәжбүрлеу – күйзеліс көзі. Халықаралық ұйымдар зерттеуіне сәйкес, кедейлік, зорлық және кемсіту сияқты факторлар жасөспірімдердің психикалық денсаулығын әлсіретеді. ДДСҰ балалардың жеке тулға ретінде қалыптасып жатқан кезеңінде ерте араласу мен қолдаудың аса маңызды екенін атап көрсеткен. Осындай стресс факторлардан қорғау және маман арқылы көмекке қол жеткізу жастардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге септеседі.

Күйзеліс күйсіз қалдырады

Қазақстан – әлемдік статистика бойынша суицид көрсеткіші жоғары елдердің бірі. Шетелдік дерекке сүйенсек, Қазақстанда 100 мың адамға шаққандағы суицид деңгейі шамамен 17,6-ны құрайды. Бұл көршілес елдерге қарағанда едәуір көбірек. Мысалы, Өзбекстан – 8,5, Қырғызстан – 7,4. 2022 жылы Қазақстанда ресми мәлімет бойынша, 2 179 адам өз-өзіне қол салған, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 6%-ға азайды. Дегенмен суицидтік әрекеттердің басым көбі – жасөспірімдер мен жастар арасында болып отыр.

Бір қызығы, зерттеулер көрсеткендей, суицид жасаған жастардың 90%-ға жуығы сол кезде ауыр депрессиялық күйде болған және кейде психикалық проблемалармен қиналып жүргені анықталды. Олардың жартысынан астамында психикалық жағдай кемінде екі жыл бұрын бұзылғаны тіркелген. Яғни, жасөспірімді ұзақ уақыт өз-өзіне қол салуға жетелейтін алғышарттар қоршаған. Бұл жерде агрессия да өз әсерін тигізеді. Мысалы, жанжал жағдайындағы компьютерлік ойындар мен зорлық көрген орта да өмір сүру жасөспірімнің күйзелісін күшейтуі мүмкін.

Социологиялық зерттеулер Қазақстандағы буллинг мәселесінің де психикалық денсаулыққа айтарлықтай зардабын көрсетеді. Liter.kz басылымындағы мақалада бала кезінен басталатын буллингтің қиян-кескі күйзелістерге әкелетінін атап өтіп, психологиялық зорлық түріне жататын буллинг мектеп жасындағы жастар арасында суицид және эмоциялық жаракат әкелетінін көрсетеді. Кейінгі кезде елімізде қылмыстық сипаттағы агрессия оқиғалары да жиілеп, жастар қауіпсіздігі жөнінде алаңдаушылық туындаған.

Әр адам жеңіске, жетістікке ұмтылады. Бірақ шынайы жеңіс сыртқы жарыста емес, ішкі күресте жатыр. Ең үлкен жеңіс – өз нәпсінді, кемшіліктеріңді және жаман әдеттеріңді жеңу. Психологтардың айтуынша, тұлғалық дамудың ең тиімді жолы – күн сайын кешегі өзіңнен бір қадам алға ұмтылу. Бұл – өзіңмен бәсекелесудің және прогреске жетудің кілті, дейді «Ernur.kz» порталы.

Күнделікті кішкентай жеңістерге мән бер. Үлкен мақсаттарға жету – күнделікті кішкентай қадамдардың

жемісі. Бір күнде бәрі өзгермейді, бірақ күн сайынғы 1%-дық ілгерілеу сені шыңға жеткізеді. Кеше кім болғаның емес, бүгін не істейтінің ғана маңызды. Мәселен, ағылшын тілін үйренгің келсе, бірден 1000 сөз жаттауға тырыспа.

Сылтауды доғарып, әрекет ет. «Уақытым жоқ», «Шаршадым», «Ертең бастаймын» – бұл сылтаулар сені кешегі деңгейде ұстайды. Бүгінгі сен шындыққа

бетпе-бет келіп, әрекет етуі керек. Тіпті 5-10 минут болса да, өзің үшін бір нәрсе жаса. Өз уәденді орындау – тәртіптің бастауы. Мәселен, кеше таңғы жаттығуды өткізіп алдың делік. Бүгін де солай істесен, ештеңе өзгермейді. Бірақ

дың тиімді жолы. Жазбалар сенің жетістіктеріңді айқын көрсетеді. Егер максатың таңғы 6-да тұру болса, күнделікке күнде белгі қой: тұрсаң – «-», тұра алмасаң – себебін жаз. Бір аптадан кейін қай күндері мықты болғаның, қай

күндері әлсіз болғаның және сылтауың анық көрінеді. Бұл – өзіңмен шынайы диалог құрудың тәсілі.

Өзінді басқалармен салыстырма. Өзгелердің жетістігіне қарап, өзіңді төмендетпе. Сенің басты бәсекелесің – кешегі өзін. Басқалардың өміріне қызығудың орнына, өзіңнің мақсаттарыңа шоғырлан. Өзгелердің нәтижесі сенің

жолыңды анықтамайды, ал сенің күнделікті әрекетің – болашағыңды қалыптастырады. Егер әлеуметтік желіде біреудің марафон жүгіріп жатқанын көріп, өзіңді «мен әлі жүгіруге алмаймын» деп кінәласаң, бұл сені кері тартады. Оның орнына, бүгін 10 минут жаяу жүріп, кешегі өзіңнен алда бол. Бір айдан кейін 30 минут жүгіру сенің де қолыңнан келетін болады.

Есте сақта! Бүгінгі қадамың – ертеңгі деңгейің. Кешегі өзіңнен бір саты жоғары болуға ұмтыл. Тұрақтылық, тәртіп және әрекет қана сені жеңімпаз етеді. Ал өзіңнің сылтаулары мен жалқаулығың жеген адам – өмірдің кез келген жарысында жеңіске жетеді.

Ж.СМАҒҰЛОВА



Мысалы, студент Расул Хайруллин достарының кеңесімен психологқа барған. Күйзеліс ішінде жүрсе де, өзіне нақты диагноз қойылмаған. Бірақ маманмен сөйлескеннен кейін-ақ көңілі жайланғанын айтады. «Мәселені дауыстап айтқанда, соның жартысын шешіп тастағандай бола-

сың», дейді ол. Расулдың бір ғана мысалы көп жастың ішінде шықпай жүрген еркіндікті сипаттағандай болды.

Психолог Жанат Біржанова да бұл пікірмен келіседі. Оның айтуынша, көмек сұрау – әлсіздіктің емес, керісінше ішкі күштің белгісі. «Өзіне мен бұл мәселені жалғыз шеше алмаймын деп мойындау – үлкен батылдық. Ал маманға жүгіну – сол батылдықтың нақты әрекетке айналуы», – дейді ол.

Жастар қазір психикалық саулықты тек психологпен емес, өмір салты арқылы да күтуге болатынын түсініп келеді. Дұрыс ұйқы, спорт, тынығу, медитация – бұлар да күйзелістен арылуға көмектесетін құралдар. Бұл туралы zakon.kz те жазады. Қазір психикаға күтім жасау – сән емес, қажеттілікке айналды.

Халықаралық зерттеулер де осыны растайды. Мәселен, Ұлыбританиядағы сауалнама нәтижесіне сәйкес, жасөспірімдердің 27%-ы тұрақты күйзеліс жағдайында өмір сүреді екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) мен ҚазҰУ сарапшылары да дабыл қағып отыр, балалық және жастық шақта эмоциялық қолдаусыз қалу ересек өмірде ауыр психикалық дерттерге апарады. Сондықтан терапевтке дер кезінде жүгіну жағдай ұшығып кетпей тұрып көмек алу деген сөз.

Бүгінде бұл түсінік Қазақстанда да кең таралып келеді. Қытайда БҰҰ арқылы жүргізіліп жатқан «психикалық денсаулық туралы ағарту» жобасы секілді елімізде де стереотиптерді бұзу бастамалары бар.

Мәселен, танымал блогер Ринат Балбабаев паникалық шабуылмен күрескені туралы әлеуметтік желісінде жасырмай айтты. Ол «психологтың көмегі мені құтқарды» дейді. Осылай өнер адамдары мен белсенділер жастарға үндеу жолдап, «көмек сұрау – сәтсіздік емес, жауапкершілік» деген ұстанымды алға тартуда. Демек қазіргі буын психика туралы айту ұят емес екенін, ал көмек сұрау әлсіздік емес, саналы шешім екенін түсіне бастады. Бұл – өте дұрыс бағыт. Өйткені психикалық денсаулық жай ғана ішкі күй емес, ол – бүкіл өмір сапасының іргетасы.

Тілімі түйіні. Эмоционалдық күйзеліс қазір қазақ жастарының санасында шатқаяқтаған мәселелердің бірі. Статистика мен сараптамалар көрсеткендей, Қазақстанның жоғары суицид көрсеткіштері, жастар арасындағы буллинг пен агрессия жас буынның психикасына ауыр салмақ салып отыр. Дегенмен елде бұл мәселеге назар аударып, шешу жолдарын іздейтін жобалар бар.

Психологтар мен қоғам белсенділерінің бірауызды пікірі психикалық денсаулыққа көмек сұрау әлсіздік емес, керісінше ерік пен адамгершіліктің белгісі дегенге саяды. Осылайша, жастарға арналған психологиялық қолдау мен ақпараттық науқандар көмегімен, көбірек адам өз ауыртпалықтарын жасырып қалмай, дер кезінде көмек сұрап, өмір сүру сапасын жоғарылатқан дұрыс болмақ. Айтпағымыз, сіздің менталды денсаулығыңызды өзіңізден басқа ешкім ойламайды. Сондықтан аманатқа қиянат жасамаңыз!

Е.СӨРСЕНҰЛЫ

ЖАС АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН ҚАРАПАЙЫМ, БІРАҚ МАҢЫЗДЫ КЕҢЕСТЕР

Ата-ана болу – үлкен жауапкершілік. Балаға тәрбие бере отырып, өзіңіз де сабақ алып отырасыз. Әр ата-анаға қажетті қарапайым кеңестерді ұсынады, деп жазады «Massaget.kz» ақпараттық порталы.

Жүйелі болыңыз. Егер теледидарды күніне тек бір сағат көруге рұқсат болса, күнде солай болуын қадағалаңыз. Бүгін бір сағат, бірақ ертеңгісін 2-3 сағатқа қосып, тұрақсыздық танытпаңыз.

Әділ болыңыз. Жаза әрекетке сәйкес қолданылуы керек. Кездейсоқ сынған кесе – бір айға барлық әуесінен айыруға себеп емес.

Орындамайтын уәде бермеңіз. «Енді сенімен ойнауға шықпаймын», «Теледидарды ешқашан қарамайсың», «Артынан мына

ойыншықтардың бәрін алып беремін» деген секілді орындалмайтын уәделерді бере бермеңіз. Себебі бала сөзіңіздің құны жоқ екенін түсініп, оларға мән бермейтін болады.



Баланы біреуге беріп қоямын деп қорқытпаңыз. Баланы мысалы, далада кетіп бара жатқан ағайға беріп жіберемін деп қорқытпаған жөн. Бала өзін керек емес және жалғыз сезінуі мүмкін.

Балаңызға үлгі болыңыз. Баладан с ұ р а й т ы н ережені өзіңіз де орындаңыз. Егер балаға күніне екі к а м п и т т е н а р т ы к ж е у г е



2025 – КВАНТ ЖЫЛЫ

Ғылымның дамуы – адамзаттың ертені. Бір ғасыр бұрын армандай алмаған дүниелер бүгінде біздің күнделікті тіршілігімізге айналып отыр. Ал биыл сондай келешекті жақындататын ерекше жыл. Біріккен Ұлттар Ұйымы осы жылды ресми түрде Халықаралық кванттық ғылым және технология жылы деп жариялады. Бұл жай ғана атаулы күн емес. Бұл – адамзаттың санасын жаңа деңгейге көтеретін белес.

Қарапайым тілмен айтқанда, квант – табиғаттың ең кішкентай бөлшектерінің бірі. Бұл көзге көрінбейтін, бірақ ғажайып мүмкіндіктерге жол ашатын дүние. Ал кванттық физика жарықтың, атомдардың, энергия мен ақпараттың қалай әрекет ететінін зерттейтін ғылым саласы. Негізгі артықшылығы – бұл ғылым күнделікті қолданыстағы технологияларға қарағанда әлдеқайда терең әрі нақты жұмыс істейді. Бүгінде әлемнің алдыңғы қатарлы елдері кванттық компьютерлерді сынақтан өткізіп жатыр. Олар кәдімгі компьютерге қарағанда миллиондаған есе жылдам жұмыс істей алады.

Google корпорациясы 2023 жылы Sycamore атты кванттық процессормен 200 секунд ішінде есептеп шығарған тапсырманы қарапайым суперкомпьютер шығара алмайтынын мәлімдеген болатын. Бұл – ғылымдағы үлкен белес. Сонымен қатар жаңа дәрі-дәрмек жасау кезінде химиялық реакцияларды молекулалық деңгейде дәл болжауға мүмкіндік туады. IBM компаниясы кванттық модельдеу арқылы катерлі ісікке қарсы препараттарды тестілеуді жеделдетуге болатынын дәлелдеп жатыр. Әрі кванттық шифрлау технологиясы арқылы 100% қауіпсіз байланыс арнасы құрылуда. Қытайдың спутнигі арқылы жасалған алғашқы кванттық байланыс сәтті жүзеге асып, «ақпараттық қауіпсіздік» саласында жаңа кезең басталды. Былтыр желтоқсанда Google компаниясы «Willow» атты 105 кубиттік кванттық чип жасады. Ол арнайы есептеулерді 5 минут ішінде шығарады.

Нобель лауреаты Ален Аспе «Кванттық технология – ғылым тарихындағы жаңа дәуір. Бұл салада артта қалу – болашақтан ажырау деген сөз» десе, IBM кванттық зертхана жетекшісі Мишель Симон «Кванттық компьютерлер – тек ғалымдарға емес, бүкіл адамзаттың өмір сүру салтына әсер ететін құралға айналады» дейді.

Қызық дерек

Жалпы бұл ғылым классикалық физикамен салыстырғанда ерекше және кейде түсініксіз құбылыстарды ашады. Кванттық физика – атомдар мен субатомдық бөлшектердің қасиеттері мен өзара әрекеттерін зерттейтін ғылым саласы. Мұнда жарықтың және бөлшектердің екі жақты қасиеті бар: олар толқын ретінде де, бөлшек ретінде де әрекет етеді. Бұл ғылымның негізін қалаушы – Макс Планк, ол 1900 жылы энергияның кванттық дискреттілігі туралы идеяны ұсынған. Альберт Эйнштейн фотондардың кванттық табиғатын түсіндіру үшін фотоэлектрлік әсер теориясын жасаса, Нильс Бор атом моделін құрып, электрондардың атом ядросының айналасында тек белгілі бір дискретті деңгейлерде болуы мүмкін екенін анықтады. Вернер Гейзенберг кванттық механикада белгілі бір қасиеттердің дәл өлшенуінің мүмкін еместігін көрсеткен «Гейзенбергтің белгісіздік принципі» ұсынды. Еркін бөлшектердің қасиеттерін болжам жасау үшін Шредингердің теңдеуі қолданылады, бұл кванттық күйді сипаттайды. Кванттық механикада «суперпозиция принципі» бар. Бұл принцип бойынша бөлшек бірнеше күйде бір уақытта бола алады.

2025 – жай күнтізбедегі жыл емес. Бұл – болашақпен бетпе-бет келетін, адамзаттың ақылына арқа сүйейтін уақыт. Ғылым енжарлықты көтермейді. Бүгіннен бастап балаңызға, оқушыңызға «квант деген не?» деп қызығушылық сыйласаңыз – ертең оның есімі ғылыми жаңалықтар қатарында тұруы мүмкін.

Инжу МАРИЯН

БЕСІК ЖЫРЫ АЙТЫЛМАЙДЫ БІР ҮЙДЕ...

Кешкілік жұмыстан қайтып, «Автоуправление» мөлтек ауданындағы тұрғын үйлердің арасымен жүріп келе жатқанмын. Бір сәтте оң жағымда үйілген қоқыстардың арасында жатқан бесік көзіме оттай басылды. «Қателесіп тұрған болармын» деп, жанына жеткенде қазақтың сол қара бесігі екеніне көзім жетті.

Басқа-басқа мұндай сұмдықты көремін дегенді мүлдем ойламаппын. Тіпті көз алдыма да елестете алмаймын. Бірақ мен көрдім. Абдырап, алқымыма өксік тығылып, көз алдыма бала күнгі әжем бесік жырын айтып, әлдилеген ауылдағы бесік елестеді. Қазақ қазақ болғалы сан ғасырды артқа тастап, бүгінге жеткен бесік – Отанның, елдің, туған жердің, отбасының рәмізі емес пе? «Алтын ұям – бесігім» деп жырлап, «Туған жер – алтын бесік» деп мақалдатып, «Бесігің тарылмасын!», «Бесігің тербетілсін!» деп бата қайырған біз үшін енді бесік не үшін керек болмай қалды?

Айналайын-ау, шыр етіп жылап, кең дүниенің есігін ашқан шақалақ алдымен мейірімге тербеліп, сосын бесікке бөленеді. Бұл – сан ғасырдан бері жалғасқан Ұлы дала халқының ең ұнамды үрдісі. Мейлі, қолданысқа қоларба мен манеж еніп, шала қазақ шаңырағында бесік азайып, бесік жыры айтылмаса да, бесік әлі күнге дейін ұмытылмады, жоғалмады. Не үшін? Себебі, ол қасиетті, киелі еді.

Қазақ ешқашан оны иесіз тастамаған, аяқпен баспаған, бүлдірмеген, қиратпаған, ескірген күннің өзінде тастамай, биік жерге іліп қойған. Өйткені бесікпен ұрпағын өседі, әулетін көркейеді.

Өмірге келген жас нәрестені періштеге балаған, сондықтан да бесікті таза ұстаған. Жын-шайтан жоламасын деп аластап, қасқырдың тісін, тұяғын іліп, үкі қадаған. Бесіктің керек жабдықтарын кірлетпеген.

Бесіктің теріс жағына отырмайды. Бесікті саудаламайды. Айтқан бағасына сатып алады. Бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс. Киелі дүниенің бағасын көтермеген, саудаласпаған. Баласының бесігін біреу сұраса, арнайы ырым-жоралғы жасап, жақсылыққа балап, тек сондан кейін ғана жақын туыстарына ғана беретін болған.

Бесікті қолдану, сәбиді бесікке салу, бөлеу, тербету қазақ халқы үшін баланың тыныштығын ойлау ғана емес, жаңа туған әр нәрестенің өз елінің бөлінбес бір бөлшегі екенін, өмір бойы еліне, жеріне телінген, онымен мәңгі бақи байланысты перзент екенін көрсету. Бесік – өзінің тазалығымен, бөлек микро климатымен, баланы жұбатуға ыңғайлылығымен бағалы. Жылап жатқан баланың бесік жырын айтқанда жұбана қоятыны, тіпті көңілдене түсетіні – ғасырлар бойы қалыптасып, атадан балаға ауысып келе жатқан ұлттық қасиетіміз.



Бауыржан Момышұлының «Баласын бесікке бөлемейтін, бесігі жоқ елден қорқам, немересіне ертегі айта білмейтін әжеден қорқам, дәм мен дәстүрді сыйламайтын ұрпақтан қорқам» деп ескерткені белгілі. Ұлы бабаларымыздан «Тәрбие – тал бесіктен», «Тәрде бесік тұрса, төре де басын иеді» деген ұлағатты сөздер қалған. Ұлы Мұхтардың «Ел боламын десен, бесігіңді түзе!» деп, дабыл қаққанына да бір ғасырдың жүзі болды.

Әжем мен анамның «бала жататын бесік арбаны далаға иесіз тастамаңдар. Иесіз жатқан затқа жын үйір болады» деп айтқаны әлі күнге есімде. Бәлкім, сол бесікті тастаған жан да бала күні осы сөзді естіді. Бірақ неге мұндай үлкен қателікке барды? Бабаларымыз киелі санап, көзінің қарашығындай сақтаған асыл мұрамыздан безініп, жерінетіндей не көрінді? Киесінен қорықпады ма? Дәстүрінен ажыраған дүбара екенін білді ме? Сұрақ көп, жауабы өзіне ғана аян. Менің білетінім, бұдан кейін бесік жыры айтылмайды бұл үйде.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

«LABUBU»: МАРКЕТИНГТІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚОҒАМ

Кейінгі уақытта елді еліктірген, бала тұрмақ, үлкенді де өзіне телмірткен – «Labubu» ойыншығы тағы да бір трендке айналды. Бір қарағанда қолтырауын мен мысықтың арасындағы әлдебір жаратылыс. Тіпті оны құбыжық деуге де ауыз бармайды: шоштыпайды, бірақ жұбатпайды да. Қызығы сол – адамдар оны кез келген жерден іздеп, кез келген бағасына сатып алып, аксессуар ретінде қолданып жүр. Бұл – жай ғана ойыншық па, әлде заманның бет-бейнесін көрсете білген тағы да бір «айна» ма?

Бүгінде адам баласының қызығушылығын желдің өтіндегі қауырсынға ұқсатуға болады. Яғни қай жақтан жел соқса, соған қарай ұша жөнеледі. Бір күні бәрі бірге дофамин құалап, желіде не зат трендке айналса, соны алғанша тыным таппайды. Мұны қарапайым әуестік деп атау қиын, себебі бұл – жаппай еліктеушілік. Адамдар әлдебір дүниенің неге танымал екенін емес, бәрі қызығып жатқанын ғана көріп, ойланбастан сол ағысқа ілесіп кетуді әдетке айналдырды.

Бағаның ауыл баласы бір уыс топырақты илеп, ит-құспен ойнап өсуші еді. Қиялы таза, ойы мөлдір, шокпыт киім киіп шоқтай жанатын сол күндерден алыстап кеткеніміз қашан! Ал қазір бала тұрмақ, үлкеннің өзі «құбыжыққа» құмар...

«Labubu» феномені – соның дәлелі. Оны көргенде ойланасың: расымен сүйкімді ме өзі? Әлде бізге біреулер оның сүйкімді екенін санамызға құйып берді ме? Ақылдан бұрын эмоцияға жүгінетін адам маркетингтің ең

оңай құрбаны. Елден қалмайын деп жүргенде қалай сан соққанын аңғармайды. Ал «ақылдылар» өз кәсібін дөңгелетіп, қаражатты қалай қомақты етудің жаңа жолын ойластыра береді.

Балалар мен ересектер бүгінде бұл құбыжық ойыншықты трендке мықтап ұстап отыр. Тісі ырсиған, көзі шарасынан шыға жаздап тұрған, қуыршақ деуге аузың бармайтын бұл бейнеге баладан бұрын ата-ана «ғашық». Ерекше трендке айналған «Labubu»-дің бағасы да естен тандырады: 135 мың теңге. Базардағы қарапайым қуыршақтың құнынан жүз есе қымбат. Әуеліде мұндай жетістікке жете қоймаса да, кейіннен аталған тауар әп сәтте-ақ «sold out» дәрежесіне лезде жетуді шығарды.

«Labubu» – қытайлық «Pop Mart» компаниясының туындысы. Әр қуыршақ қорабы жабық күйде сатылады, ішінде не барын ашпайынша білмейсің – бұл «сюрприз эффектісі» сатып алушыны одан сайын қызықтыра түседі. Көңілі қалаған кейіпкері

шықпаған жан тағы да сатып алады. Осылайша, маркетингтің құрбаны болғанын аңғармай да қалады.

Маркетинг майданында ойнайтындар жақсы біледі: адамның сезімін оятып, қорқыныш пен елігуді қатар қозғаса, ол кез келген дүниеге қол жеткізуге дайын. «Қазір алмасаң, ертең болмайды», «бәрінде бар», «лимитпен шығады» деген сөздер – қарапайым алдау әдісі. Бірақ осы бір психологиялық шабуылдан көп адам сытылып шыға алмай отыр. Қоғамның әлсіз тұсы да – осы: өз сөзі, өз пікірі, өз таңдауы жоқ.

Қоғам өзіне сұрақ қоюы керек: біз нені шын жақсы көріп, нені шын қажет етіп жүрміз? Әлде бәрі жалған қызығушылық па? Егер біз әр жаңа шыққан заттың артынан жүгіре берсек, бір күні нағыз құнды дүниелерден айырылып қаламыз. Бұл да

рухани құлдыраудың бір дәлелі екенін аңғарайық.

Бір елі ауызға екі елі қақпақ керек. Өскелең ұрпақтың ой-санасына серіпін беру үшін, ең алдымен, талғамымызға тоқтау салғанымыз абзал. Ертеңнің бүгіннен басталатынын ұмытпайық, құрметті оқырман.

Қорлан САРЫ

